



**КЕАҚ «Нархоз Университетінің»
Басшылығының шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
хаттама №8, «02» маусым 2020 жыл**

**«Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының
спортшы білім алушыларына арналған білім беру жеңілдіктерін ұсыну
туралы**





Е Р Е Ж Е

Алматы, 2020 ж.

Оглавление

Келісім парағы	3
Құжат паспорты.....	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Жеңілдік-грант беру және пайдаланудың негізгі ережелері	5
3. Білім беру жеңілдіктерін ұсыну тәртібі	7
4. Білім беру жеңілдіктерін ұсыну жөніндегі комиссия.....	8
5. Ерекше жағдайлар	8
6. Қорытынды ережелер.....	9
Қосымша.....	10

Келісім парағы

Әкімшілік жұмыс жөніндегі проректор		К.А. Аменова
Қаржы директор		М.В. Капустянская
Рекрутинг және қабылдау басқармасының бастығы		Д.А. Махкамбаев
Құқықтық мәселелер бойынша ректордың кеңесшісі		Л. Бисенғали

Құжат паспорты

Құжат атауы:	Ереже
Қысқаша сипаттамасы:	Ереже Университетте оқитын спортшы білім алушыларға білім беру жеңілдіктерін ұсыну тәртібін анықтайды
Тақырып:	білім алушылар, жеңілдіктер
Мәртебесі:	Күшіндегі
Бекіту мерзімі:	«02» маусым 2020 жыл
Әрекетті аяқтау мерзімі:	
Аудит мерзімі:	«02» маусым 2022 жыл
Аудит үшін жауапты:	Білім беру жеңілдігінің Комиссия төрайымының орынбасары

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының спортшы білім алушыларына арналған білім беру жеңілдіктерін ұсыну туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) КЕАҚ «Нархоз Университетінде» (бұдан әрі – Университет) шарт негізінде оқитын спортшыларға¹ (бұдан әрі - білім алушыларға), сондай-ақ Университетке оқуға түсетін спортшыларға² жеңілдіктер ұсыну тәртібін анықтайды.
- 1.2. Ереже Университет басшылығы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

2. Жеңілдік-грант беру және пайдаланудың негізгі ережелері

- 2.1. Осы Ережеде келтірілген білім беру жеңілдіктері жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына, MBA бизнес білім беру бағдарламаларына және университет басқа білім беру ұйымдарымен бірлесіп іске асыратын университеттің бірлескен білім беру бағдарламаларына қолданылмайды;
- 2.2. Ереженің 2.12.3. п. көрсетілген Университеттің гранттары мен білім беру жеңілдіктері түріндегі білім беру жеңілдіктері студенттерге команданың жаттықтырушысы мен Университеттің спорттық клубы төрағасының өтініші негізінде беріледі.
- 2.3. Ереженің 2.12.3. п. көрсетілген білім алушылар санатын қоспағанда, Грант беру және білім беру жеңілдіктерінің мөлшерін команданың жаттықтырушысы әрбір ойыншы-оқитын спортшыға жеке ұсынады.
- 2.4. Ережедегі 2.12.3.т. көрсетілген санаттар үшін тізбеге сәйкес білім алушы берген өтініш пен қажетті құжаттар негізінде. «Narhoz Tennis Cup» теннис бойынша турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері», «Masters» санаты білім беру жеңілдіктері білім алушы спортшыға бір оқу жылына беріледі. Келесі оқу жылынан бастап осы санат үшін білім беру жеңілдіктері осы Ереженің 2.12.1-тармағына сәйкес ұзартылады /ұзартылмайды.
- 2.5. Білім беру жеңілдіктерін беру кезінде білім алушының үлгерімі ескеріледі (талапкерлерді қоспағанда) – оқудың барлық кезеңінде GPA 1,75-тен төмен емес (бакалавриат, бейіндік магистратура), оқудың барлық кезеңінде 2,00-ден төмен емес (ғылыми-педагогикалық магистратура), сонымен қатар білім алушының академиялық және қаржылық қарызы болмауы тиіс (бейіндік магистратураны қоса алғанда).
- 2.6. GPA деңгейі 1,75-тен төмен (бакалавриат, бейіндік магистратура), 2,00-ден төмен (ғылыми-педагогикалық магистратура) және/немесе білім алушыда (бейіндік магистратураны қоса алғанда) академиялық қарыз болған жағдайда білім алушы берілген білім жеңілдіктерінен айырылады.
- 2.7. Білім беру жеңілдіктері қайта алынған «retake» курстары мен академиялық айырмашылық бойынша білім алушылардың шығындарын өтемейді.
- 2.8. Білім беру жеңілдіктерін ақша баламасына айырбастауға болмайды.
- 2.9. Білім алушыларға алған білім беру жеңілдіктері жинақталмайды. Ең көп білім беру жеңілдіктері ең азды алады.
- 2.10. Білім беру жеңілдіктері оқуға байланысты емес шығыстарды өтемейді. Білім алушының айыппұлдар, кітаптарға, тамақтануға, көлікке және т.б. шығындарды өз бетінше төлеу міндеті.
- 2.11. Білім беру жеңілдіктері өткен оқу кезеңіне берілмейді.
- 2.12. Білім алушы университет атынан әртүрлі деңгейдегі жарыстарға белсенді қатысуы тиіс.
- 2.13. Жеңілдік/Грант келесі спорт түрлері бойынша білім алушы спортшыларға беріледі:
2.13.1. Имидждік командалар: Футзал (ұлдар), баскетбол (ұлдар), үлкен теннис.
2.13.1.1. Жеңілдіктер беру мен көлемін әр оқу семестріне команда жаттықтырушысы әр оқушы-ойыншыға жеке анықтайды. Бұл ретте жеңілдіктер мөлшері 1% - дан 100% - ға дейін өзгертілуі немесе бас жаттықтырушының өтініші бойынша күші жойылуы мүмкін.
2.13.1.2. Ұсынылатын жеңілдіктердің жалпы саны әр командаға 10 (он) адамнан аспайды.

¹Бұл санатқа барлық оқыту нысандары бойынша студенттер мен магистранттар жатады

²Бұл санатқа барлық оқыту нысандары бойынша студенттер мен магистранттар жатады

2.13.1.3. Білім алушы әр түрлі деңгейдегі жарыстарға тек университет атынан белсенді қатысуы тиіс. Осы тармақты бұзған жағдайда білім алушы білім беру жеңілдігінен айырылады.

2.13.1.4. Команда жаттықтырушысы оқитын спортшыға қойылатын талаптарды орындамаған, жаттығу процесі мен тәртібін, мінез-құлық этикасын өрескел бұзған жағдайда, оқу жеңілдігінің мөлшері жаттықтырушының өтініші бойынша өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін.

2.13.2 Спорттың өзге де түрлері

2.13.2.1. Барлық қалған спорт түрлері бойынша білім алушының университет атынан жарыстарға қатысу нәтижелері бойынша команда жаттықтырушысы мен университеттің спорт клубы төрағасының қолдау хаты және растайтын құжаттары (жарыс хаттамалары, грамоталар, фотосуреттер және т.б.), студенттің оқуының барлық кезеңінде GPA есебімен 1,75-тен төмен емес (бакалавриат, бейіндік магистратура), оқудың барлық кезеңінде 2,00-ден төмен емес (ғылыми-педагогикалық магистратура), сонымен қатар білім алушының академиялық қарызы болмауы керек (бейіндік магистратураны қоса алғанда) осының негізінде жеңілдіктер мен гранттар (в рус варианте написано грант) ұсынылады.

Республикалық жарыстар (жеңілдік бір жылға):

1 орын – 15%

2 орын – 10%

3 орын - 5%

Қазақстан Республикасы чемпионаттары мен Универсиадалары, Халықаралық жарыстар (жеңілдік бір жылға):

1 орын – 30%

2 орын – 20%

3 орын – 10%

Әлем чемпионаты, Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада және т.б. (бір жылға):

1 орын – 50%

2 орын – 30%

3 орын – 20%

Олимпиядалық, паралимпиядалық ойындар (және оларға теңестірілген жарыстар) (жарысқа қатысқан соң қалған барлық білім алу кезеңіне):

Қатысушыларға-жеңілдік немесе грант университет Басшылығының қарауына беріледі.

Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға – грант (білім алуға 100% жеңілдік).

2.13.3. «Narxoz Tennis Cup» теннис турнирі бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаздарға, «Masters» санатына:

1 орын - 50%

2 орын - 25%

3 орын - 15%

2.13.3.1. Жеңілдіктер алғашқы оқу жылына мектеп, колледж түлектеріне «Narxoz Tennis Cup» теннис турниріне қатысу нәтижесі бойынша университетке күндізгі оқу түріне түсу кезінде мектеп/ колледж бітіретін жылы берілген өтініш пен тізбеге сәйкес қажетті құжаттар негізінде беріледі.

2.13.3.2. Екінші семестрден бастап білім беру жеңілдіктерін сақтау мәселесін қарастыру кезінде білім алушының үлгерімі ескеріледі – оқудың барлық кезеңінде GPA 1,75-тен төмен болмауы керек, сонымен қатар білім алушының академиялық қарызы болмауы тиіс. GPA

деңгейі 1,75-тен төмендеген жағдайда немесе білім алушыда академиялық қарызы бар болған жағдайда, оқуға-жеңілдігі ұзартылмайды.

2.13.3.3. Екінші оқу жылынан бастап оқуға жеңілдік осы Ереженің 2.12.1-тармағы негізінде беріледі.

2.13.3.2. Жеңілдікті өзге адамдарға беруге болмайды.

Білім беру жеңілдігін алу үшін қажетті құжаттар тізімі:

- осы Ережеге қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтініш;
- орта білім туралы аттестат / қосымшасымен орта-арнайы білім дипломы (түпнұсқа және көшірмесі);
- «Narxoz Tennis Cup» турнирінің грамотасының көшірмесі, «Masters» санаты.

2.14. Білім беру жеңілдіктерін алуға үміткерлерге қойылатын міндетті талаптар

2.14.1. Бұл талаптар жеңілдік/грантты алу және сақтау үшін міндетті болып табылады. Мұндай талаптарды бұзған жағдайда білім алушы олардан айырылады.

Жоғарғы моральдық-этикалық келбет:

- Университеттің Этикалық кодексін, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуды, университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзуды, университеттің ішкі актілерін және құжаттарын бұзуды болдырмау.

Ереже өлшемдеріне сәйкестігін студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚО), университеттің спорт клубының төрағасы және «Дене шынықтыру және спорт» орталығының директоры әр семестрде тексеріп отырады. Сәйкес келмеген жағдайда білім алушының университетпен жасалған шартқа қосымшасын көрсете отырып, оқудың қалған құнын қайта есептеу жүргізіледі.

3. Білім беру жеңілдіктерін ұсыну тәртібі

3.1. Жәрдемақы беру туралы шешімді 2.12.3-тармақты қоспағанда, Нархоз Университетінің спорт клубы жаттықтырушысы мен төрағасының өтініші бойынша Білім беру жәрдемақыларын беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қабылдайды.

3.2. Қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік комиссия мүшелеріне жүктеледі.

3.3. Бір оқу жылына берілетін жеңілдіктердің жалпы лимиті университет бюджетін анықтау кезінде бюджет комитетінің отырысында анықталады.

3.4. Білім алушыларға жеңілдіктер олардың алдыңғы академиялық оқу кезеңдеріне қаржылық және академиялық қарызы болмаған жағдайда ғана беріледі.

3.5. Білім беру жеңілдігін ұсыну әр семестрдің басында жүргізіледі.

3.6. Бір адамға бір мезгілде білім беру жеңілдіктерінің бірнеше түрі берілмейді.

3.7. Университетте оқып жатқан тұлға жеңілдіктерден мына жағдайларда айрылуы мүмкін

- осы Ережеде көрсетілген өлшемдер бойынша үлгерімнің төмендеуі;
- академиялық оқу кезеңі үшін ақы төлеу бойынша қаржылық қарыз;
- ішкі тәртіп ережелерін бұзу;
- жаттығу процесі мен тәртіптің өрескел бұзылуы;
- команда жаттықтырушысы ойыншыға қойылатын талаптарды орындамау;
- университеттің Этикалық кодексін, ішкі актілері мен құжаттарын бұзған жағдайда.

3.8. Жеңілдіктер мына жағдайда сақталады:

- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді қызметке шақыруына байланысты университетте академиялық демалыста оқитын адамның болуы.

3.9. Білім алушылардың академиялық үлгерімін бақылау тікелей СҚО-ға және «Дене шынықтыру және спорт» орталығының директорына жүктеледі.

3.10. Комиссия ерекше жағдайларды университет Басқармасының қарауына береді.

4. Білім беру жеңілдіктерін ұсыну жөніндегі комиссия

4.1. Жеңілдіктер беру туралы шешімді Комиссия қабылдайды, комиссияның техникалық хатшысы хаттаманы, хаттамадан үзінді көшірмені ресімдейді, оқу құнын, жеңілдік мөлшерін көрсете отырып, кестелерді қалыптастырады және ұсынылған жеңілдіктерге арналған шығыстар бойынша жалпы жиынтық жасайды. Содан кейін деректерді Басқарманың қарауына береді.

Комиссия отырысы құжаттарды қабылдаудың қорытынды күнінен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Құжаттарды қабылдау әр оқу жылының 01 шілдесінен 30 қыркүйегіне дейін жүзеге асырылады.

Жеңілдік құжаттарын екінші семестрден – 31 қаңтардан кешіктірмей беруге болады.

Комиссияның қайта отырысы академиялық кезең (семестр) аяқталғаннан кейін бір ай ішінде өткізіледі.

4.2. Комиссия құрамы университет қызметкерлері қатарынан 7 адамнан артық емес (басшы құрам қатарынан кемінде үш қызметкер): бір төраға, төрағаның бір орынбасары, комиссия мүшелері және бір техникалық хатшы (дауыс беру құқығынсыз) құрылады. Комиссия құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Комиссия құзіретіне кіретіндер:

- жеңілдіктер беру туралы материалдарды қарау;
- жеңілдіктер беру және/немесе бас тарту туралы шешім қабылдау;
- жеңілдіктер беру мерзімі туралы шешім қабылдау;
- жеңілдіктерден айыру туралы мәселелерді қарау.

4.4. Жеңілдіктер беру туралы шешім қабылдау Комиссия мүшелерінің дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Дауыс саны тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.5. Комиссия шешімі университет Басқармасының шешімімен бекітіледі және ұсынылған/алынып тасталған жеңілдіктерді ескере отырып, оқу құнын есептеуге түзету жүргізетін бухгалтерияға жіберіледі және білім алушылармен шартқа қосымша келісімге қол қою және дайындау үшін Студенттерге қызмет көрсету орталығына (СҚО) мәліметтерді жібереді.

5. Ерекше жағдайлар

5.1. Білім алушылар оқу үшін жеңілдіктер/гранттар алуға бекітілген спортшылар оларға жеңілдіктер/гранттар беру кезінде қойылған талаптарды сақтау міндеттемесімен университетпен жасалған шартқа қосымша келісімге қол қоюға міндетті.

5.2. Білім алушы міндетті:

5.2.1. Оқудың барлық кезеңінде академиялық үлгерімі GPA 1,75-тен төмен (бакалавриат, бейіндік магистратура), оқудың барлық кезеңінде 2,00-ден төмен (ғылыми-педагогикалық магистратура) болмауы керек, бұл ретте академиялық қарызымен (бейіндік магистратураны қоса алғанда) қаржылық қарызы болмауы тиіс.

5.2.2. Университетте жаттығуларға қатысу (дәлелді себептерсіз жаттығуды жіберу Оқу жеңілдіктерінен айыру үшін негіз бола алады).

5.2.3. Команда жаттықтырушысының талабы бойынша әр түрлі деңгейдегі жарыстарда университет атынан өнер көрсету (жарыстарға себепсіз келмеу білім беру жеңілдіктерінен айыруға негіз бола алады).

5.2.4. Тек университеттің құрама командасының ойыншысы болу, университеттің спорттық-бұқаралық өміріне және студенттік өміріне белсенді қатысу, командаға байланысты жиналыстар мен іс-шараларға қатысу.

5.2.5. Университеттен өз қалауы бойынша шығарылған немесе білім алушы басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына ауысқан жағдайда білім алушы барлық оқу кезеңінде берілген жеңілдіктің/гранттың барлық сомасын өтеуге міндетті.

5.2.6. Білім алушы университеттің бастамасы бойынша командадан шығарылған жағдайда, ол барлық оқу кезеңінде берілген жеңілдіктің/гранттың барлық сомасын өтеуден босатылады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Жеңілдіктер алуға және университет комиссиясының жұмыс қорытындысына түскен құжаттар бір оқу жылы ішінде университет мұрағатында сақталуға тиіс.


6.2. Ережені өзгерту және толықтыру туралы ұсыныстар университет Басқармасының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсыныстар ретінде белгіленген тәртіппен енгізіледі және қабылданады.

6.3. Ереже және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар оларды университет Басшылығы бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

6.4. Ереже тұрақты аудитке жатады. Аудиттің келесі мерзімі – 2022 жылғы 02 маусым.

Дайындаған:

«Дене шынықтыру және спорт»
орталығының директоры



Е.Л. Караева

Құжатты тексеру жөніндегі ескерту:

Іс қағаздарын жүргізу және архив
бөлімінің бастығы



Б.Б. Болатбек

Қосымша

Форма I
«Нархоз университеті» студентінің білім беру жеңілдігіне өтініші

КЕАҚ «нархоз университеті» ректорына

Күндізгі бөлім студентінен

(Толық аты-жөні)

(Мектеп/факультет, курс, мамандық)

Өтініш

Сізден, 20__-20__ оқу жылына «Нрхоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім беру жеңілдіктерін ұсыну туралы» Ережесіне сәйкес маған білім беру жеңілдігін ұсынуыңызды өтінемін.

қолы

мерзімі

Қосымшалар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____